

Қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 8/1514 қаулысы.
Алматы қаласы Әділет департаментінде 2006 жылғы 29 желтоқсанда N 724 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 11 сәуірдегі N 2/235 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 11.04.2014 № 2/235 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, жергілікті халықтың санитарлық-эпидемиологиялық ахуалын қамтамасыз ететін, қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу есебін реттеу және табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу мөлшері бекітілсін.
2. Алматы қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1/174 "Жеке адам басына бекітілген қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу мөлшерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2003 жылдың 28 сәуірінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 528 нөмірмен тіркелген, "Вечерний Алматы"» газетінде 2003 жылы 14 мамырда N№72 және "Алматы ақшамы" газетінде 2003 жылы 6 мамырда N 50 жарияланған).
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.С. Сманқұлова жүктелсін.
4. Осы қаулы Алматы қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы әкімі

Әкімдік хатшысы

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 8/1514 қаулысымен бекітілген

Алматы қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемінің мөлшері

Қалдықтың пайда болу көздері	Өлшем бірлігі	Есептік жинақталу мөлшері
Жайлы тұрғын үйлер	м ³ /адам/жылына	2,55
Тас көмірмен жылытылатын жайсыз тұрғын үйлер	м ³ /адам/жылына	2,9
Мемлекеттік басқару органдарының әкімшілік ғимараттары	м ³ /адам/жылына	0,2
Кеңсе ғимараттары (өнеркәсіптер, ұйымдар, мекемелер)	м ³ /жұмыс орны/жылына	1,48
Мектептер*	м ³ /оқушы/жылына	0,37
ЖОО және техникумдар**	м ³ /оқушы/жылына	0,71
Ауруханалар*	м ³ /төсек орны/ жылына	1,15
Емханалар	м ³ /келіп кету/ жылына	0,02
Балабақшалар, ясли	м ³ /орын/жылына	0,97
Қонақүйлер*	м ³ /төсек орын/жылына	1,5
Азық-түлік дүкендері	м ³ /м ² сауда ауданы/жылына	1,4
Өнеркәсіп тауарлары дүкендері	м ³ /м ² сауда ауданы/жылына	1,2
Мейрамханалар	м ³ /отыратын орын/жылына	2,8
Автосервис және тұрмыстық қызмет көрсету нысандары	м ³ /жұмыс орны/ жылына	3,1
Базарлар*	м ³ /м ² аудан/ жылына	0,5
Түнгі клубтар	м ³ /орын/жылына	2,0
Қойылымдық мекемелер (театрлар, кинотеатрлар, мәдениет үйлері, клубтар)*	м ³ /орын/жылына	0,45
Спорт нысандары (стадиондар, фитнес-орталықтар, жаттығу залдары, бассейндер)	м ³ /адам/жылына	3,1
Ойын-сауық нысандары (казино, ойын автоматтары залы)	м ³ /орын/жылына	2,0
Мұражайлар, музыкалық салондар	м ³ /адам/жылына	0,45
Қоймалар	м ³ /100м ² аудан/ жылына	3,0
Саябақтар мен гүлзарлар*	м ³ /м ² аудан/ жылына	0,56
Аумақтарды тазалау /сыпырым/	м ³ /100м ² /жылына	1,8
Ағаштардың қалдықтары	м ³ /ағаш/жылына	0,8

Ескерту: * мәдени-тұрмыстық мақсаттағы және қоғамдық тамақтану нысандарын, үй-жайларды жалға алушыларды қоспағанда. Қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) жинақталу мөлшері қалдықтардың нақты қалыптасу көздеріне арналған. Қалдықтардың қалыптасу көздеріне кіретін барлық қосымша нысандар, берілген мөлшерден бөлек есептелінеді.

** ҚТҚ-ның жинақталу мөлшеріне осы мекемелердің бүкіл қызметі кіреді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК